

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Қаңқаны орната отырып, қасбетті алюминий
табақтармен және панельдермен қаптау жұмыстарын
жүргізудің**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по облицовке фасадов
алюминиевыми листами и панелями с устройством
каркаса**

ТК 5.04-01-2011

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

ТК 5.04-01-2011. Технологиялық карта
ТК 5.04-01-2011. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|---|---|
| 1. ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ» |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|--|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жалпы ережелер.....	3
4 Негізгі қолданылатын материалдардың және бұйымдардың сипаттамалары	5
5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы	11
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	23
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	28
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	36
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	41

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ҚАҢҚАНЫ ОРНАТА ОТЫРЫП, ҚАСБЕТТІ АЛЮМИНИЙ ТАБАҚТАРМЕН ЖӘНЕ ПАНЕЛЬДЕРМЕН ҚАПТАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізілген мерзім 2012.05.01

1 Қолдану саласы

1.1 Қаңқаны орната отырып, қасбетті композиттік алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізудің технологиялық картасы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер (НҚА) мен нормативтік-техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған.

1.2 Технологиялық карта құрылысты құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиясы және механикаландыру бойынша ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Ауа саңылауы бар аспалы қасбет көпқабатты конструкцияны білдіреді, оған мыналар кіреді:

- кронштейндер мен анкерлік бекітпе бөлшектердің көмегімен ғимараттың қабырғасына бекітілген тік тірек бейіндерінен тұратын салмақ түсетін қаңқа. Көлденең тірек, тік бейіндер мен кронштейндерді қосу бұрандамалардың көмегімен жүзеге асырылады;

- сыртқы қабырғаға бекітілетін жылу оқшаулағыш тақташалар. Тақташалар кронштейндерге ілініп, дюбельдермен бекітіледі.

- ілгіштердің көмегімен салмақ түсетін қаңқаға бекітілетін қасбеттік алюминий панельдері.

1.4 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолдану саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамалары;
- жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Осы технологиялық картада еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, еңбек бөлінісін ескере отырып, бригада жұмысшыларының арасындағы міндеттерді айқын бөлу кезінде еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқыны шарттары, жетілдірілген құралды және саймандарды қолдану негізінде қабылданған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға (НТК) және басқа да құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ТЖМ-нің 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген жүк көтергіш крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

ҚР ТЖМ-нің 2006 жылғы 8 ақпандағы №35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережелері (ЖНЖБ)

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ҚНЖЕ 1.03-06-2002* Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен

ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009	имараттардың құрылысын ұйымдастыру.
ҚР ҚНЖЕ 2.04-10-2004	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.
ҚР ҚНЖЕ 5.03-37-2005	Оқшаулау және әрлеу жабындары.
ҚР ЕЖ 2.02-20-2006*	Көтергіш және қоршау конструкциялары.
ҚР ЕЖ 5.06-19-2005*	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.
МСТ 12.1.013-78	Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті жобалау және монтаждау.
МСТ 12.1.046-2002	ЕҚСЖ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МСТ 12.4.087-84	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары.
МСТ 12.4.089-86	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар.
МСТ 12.4.107-82	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру белдіктері. Жалпы техникалық шарттар.
МСТ 9416-83	ЕҚСЖ. Құрылыс. Сақтандыру арқандары. Жалпы техникалық талаптар.
МСТ 10597-87	Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар.
МСТ 11042-90	Жаққыштар және сырлау щеткалары. Техникалық шарттар.
МСТ 22233-2001	Болат құрылыс балғалары. Техникалық шарттар.
МСТ 22950-95	Жарық мөлдір қоршау конструкцияларға арналған алюминий қорытпаларынан жасалған сығымдалған бейіндер. Техникалық шарттар.
МСТ 23407-78	Синтетикалық байламдағы қаттылығы жоғары минералды-мақталы тақташалар. Техникалық шарттар.
МСТ 24767-81*	Құрылыс алаңдарының және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу учаскелерінің саймандық қоршаулары. Техникалық шарттар.
МСТ 25573-82*	Қоршағыш құрылыс конструкцияларына арналған алюминийден және алюминий қорытпаларынан суықтай иілген бейіндер. Техникалық шарттар.
МСТ 25621-83	Құрылысқа арналған жүк асатын арқан жіптер. Техникалық шарттар.
МСТ 25880-83	Бітемелейтін және тығыздайтын полимерлі құрылыс материалдары мен бұйымдары. Сыныптау және жалпы техникалық талаптар.
МСТ 26433.1-89	Жылу оқшаулағыш құрылыс материалдары мен бұйымдары. Буып-түю, таңбалау, тасымалдау және сақтау.
МСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлме-дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді орындау ережесі. Зауытта жасалған бөлшектер.
МСТ 27321-87	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлме-дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстардың параметр өлшемдерін орындау ережесі.
	Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған тіреп қойылатын ағаштар. Техникалық шарттар.

ҚР Ж 8.04-1-2010 Құрылыс, жөндеу-құрылыс және монтаждау жұмыстарына арналған жекелеген нормалар және бағалар:

1-жинақ. Құрылыс ішілік көлік жұмыстары.

Осы технологиялық картаны қолдану кезінде Қазақстан республикасының аумағында қолданылатын, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жай-күй бойынша жасалған, сондай-ақ ағымдағы жылғы тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ-ның, Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі бойынша НҚА мен НТҚ әрекетін тексеру қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген НҚА мен НТҚ-ны пайдалану қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырусыз жойылған болса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Жалпы ережелер

3.1 Ауа саңылауы бар және алюминий панельдермен қапталған аспалы қасбеттің конструкциясы 1-суретте келтірілген.

3.2 Жұмыстарын жүргізудің шарттары мен ерекшеліктері:

- ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату жұмыстары ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, ҚР ЕЖ 5.06-19 көзделген технологиялық талаптар сақтала отырып, жобалау-сметалық құжаттардың, құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ), жұмыстарды жүргізу жобасының (ЖЖЖ) және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындалуы қажет;

- ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10 талаптарына сәйкес температуралық жағдайлар сақтала отырып, орындалады;

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МСТ 12.1.046 сәйкес келуге тиіс

- ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату саймандық сүйеу құралдарымен (ағаштар, мұнаралар және т.б.) не машиналар мен тетіктер (электрмеханикалық аспа бесіктер, автогидрокөтергіштер және т.б.) қолданыла отырып орындалады. Осы технологиялық картада саймандық ағаштарды пайдалану нұсқасы қарастырылады. Саймандық ағаштарды монтаждау және бөлшектеу осы технологиялық картада қарастырылмайды. Саймандық ағаштардың конструкциясы салынатын объектіге, оның биіктігіне, орындалатын жұмыстардың, есептік жүктемелердің түріне және т.б. байланысты қабылданады.

3.3 Осы технологиялық картада қарастырылатын жұмыстардың құрамына мыналар кіреді:

- *дайындық жұмыстары;*

- *негізгі жұмыстар:*

- жылытқыш тақташаларын орнату және бекіту;

- салмақ түсетін қаңқаны орнату;


- алюминий панельдерді монтаждау.

- *қосалқы жұмыстар;*

- *қорытынды жұмыстар.*

3.4 Технологиялық карта ҚР ҚНЖЕ 1.03-06, ҚР ҚНЖЕ 5.03-37, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ЕЖ 5.06-19 және осы технологиялық картаның 2.2 шарттарын сақтай отырып, алюминий панельдермен қапталған салмақ түсетін қаңқаны орнату жұмыстарын бір-екі ауысымда орындауды көздейді.

3.5 Технологиялық картаны нақты объектіге байланыстыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды түзету қажет.



- 1 – негізасты (темірбетон қабырға);
- 2 – кронштейндерді бекітуге арналған дюбель;
- 3 – бұрандама;
- 4 – бекітпе кронштейн;
- 5 – тік тірек бейіні;
- 6 – жылытқышты бекітуге арналған дюбель;
- 7 – жылытқыш тақташасы;
- 8 – алюминий панель

1-сурет – Ауа саңылауы бар және алюминий панельдермен қапталған аспалы қасбеттің конструкциясы

4 Негізгі қолданылатын материалдардың және бұйымдардың сипаттамалары

4.1 Салмақ түсетін қаңқа

Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату салмақ түсетін қаңқа (бағыттаушы бейіндер мен кронштейндер) ретінде МСТ 22233, МСТ 24767 талаптарына сәйкес табақты илектен жасалған Г-түріндегі және П-түріндегі қиылыстың металл бейіндері пайдаланылады. Қаңқа бөлшектерінің көтергіш қабілетін қамтамасыз ететін бейіндер дайындамасының өзге де материалдарынан жасалған қаңқалар қолданылуы мүмкін, бұл нақты объектіге әзірленген жобалау құжаттамасының талаптармен шарттасады.

Бағыттаушы бейіндер мен кронштейндер объектіге ерекшелікке сәйкес жинақы түрде қойылуға тиіс.

Бейіндер мен кронштейндерді тасымалдау көліктің осы түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес пакеттерде автомобиль көлігімен жүргізіледі. Тасымалдау кезінде бұйымдарды механикалық бұзылудан сақтандыруға арналған шаралар қабылдануға тиіс.

Буып-түйілген бейіндер және құрамдауыш бұйымдар құрғақ жабық үй-жайларда сақталуға тиіс. Таңбалау, буып-түю, тасымалдау және сақтау шарттары – НТҚ бойынша.

Бейіндерді жиып қою және буып ілу схемалары 2-суретте келтірілген.

Бейіндердің және құрамдауыш бұйымдардың әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуға тиіс.

4.2 Жылу оқшаулағыш қабат

Жылу оқшаулағыш қабатты қалыптастыру үшін «Изотерм» типіндегі синтетикалық байламдағы минералды-мақталы жылу оқшаулағыш тақташалар қолданылуға тиіс. Минералды-мақталы жылу оқшаулағыш тақташалар МСТ 22950 талаптарына сәйкес келуге тиіс.


Жылу оқшаулағыш тақташалар құрылымы – тығыз және біртекті, тақташалардың қырлары мен бұрыштары – тік, жарықшақсыз. Физикалық-механикалық көрсеткіштері бойынша минералды-мақталы тақташалар МСТ 22950 көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Жылу оқшаулағыш тақташаларды буып-түю, тасымалдау және сақтау оған сәйкес олар жасалған нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына және әзірлеуші кәсіпорындардың нұсқаулықтарына сәйкес келуге тиіс.


Жылу оқшаулағыш тақташаларды объектіге жеткізу көліктің осы түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес автомобиль көлігімен жүзеге асырылады.

Көлік пакеттеріне буып-түйілген тақташаларды ашық көлік құралдарында тасымалдауға рұқсат етіледі. Тасымалдау, тиеу және түсіру кезінде тақташаларды механикалық бұзылудан қорғауды қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы қажет.

а)



б)



а – бейіндерді жиып қою схемасы;

б – бейіндерді буып ілу схемасы

1 – тік тірек бейіні;

2 – 100x50 мм ағаш астарлар және төсемдер;

3 – көлденең тірек бейіні;

4 – 2СК-3,2/2000 бума (МСТ 25573);

5 – СКК1-2,0/1500 бума (МСТ 25573)

L – бейіннің ұзындығы

2-сурет – Бейіндерді жиып қою және буып ілу схемалары

Жылу оқшаулағыш тақташаларды буып-түю және таңбалау МСТ 22950 және МСТ 25880 талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс. Ылғалданудан қорғау үшін оларды су өтпейтін материалмен жабу керек.

Тақташалар технологиялық пакетті құрайтын бір немесе бірнеше данадан буып-түйілуі мүмкін. Қолмен тиеу және түсіру кезінде пакеттің салмағы 15 кг аспауға тиіс. Технологиялық пакеттерге буып-түю кезінде тақташалар сақтау және тасымалдау кезінде пакеттің өздігінен ашылуы орын алмайтындай барлық жағынан қапталуға тиіс.

Көлікпен тасымалдауға жарамды көлік пакеттерінің габариттері НТҚ талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Қағазға немесе үлдірге буып-түйілген тақташалар қатарының биіктігі сақтау кезінде 2,0 м аспауға тиіс.

Жылу оқшаулағыш тақташаларды жиып қою және буып ілу схемалары 3-суретте келтірілген.

Жылу оқшаулағыш тақташалардың әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуға тиіс.

4.3 Желден қорғайтын қабат

Жылу оқшаулауды сыртқы ылғалдың әсерінен қорғауға арналған желден қорғайтын қабат ретінде «Изоспан А» типінегі бу өткізбейтін жел-гидроқорғау мембрана қолданылады.

Мембрана төсемінің жарықшақтары, тесіктері, жарықтары мен қыртыстары болмауға тиіс. Материалдың төсемі орамда өзекшеге тығыз оралуға және полиэтилен үлдірге буып-түйілуге тиіс. Төсемдердің ұштары біртегіс кесілуге тиіс.

Мембрана көліктің осы түрінде тасымалдау ережесіне сәйкес автокөлікпен тасымалданады. Тасымалдау шарттары зауыттық орам мен мембрананың механикалық бүліну мүмкіндігін, агрессивті орталардың, атмосфералық жауын-шашынның және тікелей күн сәулесінің әсерін болдырмауға тиіс. Тиеу-түсіру жұмыстары жұмсақ бумалар пайдалана отырып, орындалуы қажет. Орамдарды домалатып тасуға тыйым салынады.


Материалдарды сақтау ылғалдың, тікелей күн сәулесінің, қызудың, деформацияның әсерін болдырмайтын жағдайларда зауыт орамында жүзеге асырылуға тиіс.

Бу өткізбейтін мембрананың әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуға тиіс.


4.4 Бекіту бөлшектері

Кронштейндерді астыңғы негізге (ғимарат қасбетіне) бекіту үшін болат керме дюбель қолданылады. Салмақ түсетін қаңқаның бөлшектерін өзара бекіту үшін бұрандамалар пайдаланылады. Алюминий панельдерді тік салмақ түсетін бейіндерге бекіту үшін ілгіштер (сүйретпелер) және өздігінен кесетін бұрандалар пайдаланылады. Тақташаларды астыңғы негізгі бекіту үшін тәрелкелі дюбель қолданылады.

а)



б)



- а – минералды-мақталы тақташаларды жиып қою схемасы;
б – минералды-мақталы тақташаларды буып ілу схемасы
1 – минералды-мақталы тақташалар;
2 – контейнер;
3 – 4СК-3,2/2000 бумасы (МСТ 25573)

3-сурет – Минералды-мақталы тақташаларды жиып қою және буып ілу схемалары

Бекітпе бөлшектер НТҚ талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Жобалау құжаттарының талаптарына сәйкес нақты объектіге өзге де бекітпе бөлшектер қолданылуы мүмкін.

Бекітпе бөлшектер ашық көлікпен әзірлеуші зауыттың орамында лек-легімен тасымалданады.

Әрбір орам бір типтік өлшемнің бұйымды қамтуға тиіс. Бекітпе бөлшектерді қабылдау лек-легімен жүзеге асырылады. Қабылдау кезінде орамның бүтіндігі, таңбалануы тексеріледі.

Бекітпе бөлшектерді құрғақ ашық үй-жайларда әзірлеуші зауыттың орамында сақтау қажет.

4.5 Алюминий панельдер

Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату кезінде НТҚ талаптарына сәйкес зауытта жасалған қорапша типіндегі қасбеттік алюминий панельдер қолданылады. Алюминий панельдердің өлшемдері қасбетті қаптаудың сәулеттік шешімдеріне байланысты қабылдануға тиіс.

Алюминий панельдер көліктің осы түрінде қолданыстағы жүктерді тасымалдау ережесіне сәйкес көліктің кез келген түрлерімен тасымалдануы мүмкін. Тасымалдау кезінде пакеттер бекітіліп, жылжып кетуден және механикалық бүлінуден сақтандырылуға тиіс.

Буып-түйілген алюминий панельдер құрғақ жабық үй-жайларды сақталуға тиіс.

Алюминий панельдерді жиып қою және буып ілу схемалары 4-суретте келтірілген.

Алюминий панельдердің сапа туралы ілеспе құжаты болуға тиіс.

4.6 Табақты болаттан жасалған қасбеттік панельдер

Терезе құламаларын, жақтауларын орнату кезінде нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес табақты болаттан жасалған қасбеттік панельдер қолданылады.

Қасбеттік панельдердің әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуға тиіс.

4.7 Бұрғылар

Астыңғы негіздегі тесіктерді бұрғылау кезінде бетон бойынша қатты балқытылған бұрғылар, тік бағыттаушы тесіктерді бұрғылау үшін НТҚ талаптарына сәйкес металл бойынша бұрғылар қолданылады.

Бұрғылар жеткізушінің орамында сақталуға тиіс. Бұрғылардың әрбір топтамасының әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуға тиіс.


4.8 Силиконды бітеме

Қасбеттік панельдері бар терезе бейіндері арасындағы жіктерді толтыру үшін МСТ 25621 бойынша силиконды бітеме қолданылады.


Бітеме жеткізушінің ыдысында сақталуға тиіс.

Бітеменің әрбір топтамасының сапа туралы ілеспе құжаты болуға тиіс.

a)



б)



- а – алюминий панельдерді жиып қою схемасы;
- б – алюминий панельдерді буып ілу схемасы
- 1 – алюминий панельдер;
- 2 – ағаш поддон;
- 3 – 4СК-3,2/2000 бума (МСТ 25573);
- 4 – 100x50 мм ағаш төсемдер

4-сурет – Алюминий панельдерді жиып қою және буып ілу схемалары

5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Алюминий панельдермен қаптай отырып, ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату жұмыстары басталғанға дейін:

- жауапты жұмыстарды жүргізушіні тағайындау;
- қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсатнама алу;
- ҚР ҚНЖЕ 5.03.37 талаптарына сәйкес сыртқы қабырғаларды қабылдауды орындау және белгіленген тәртіппен тиісті актімен ресімдеу;
- жұмысшыларды жұмыс жобасымен, құрылысты ұйымдастыру жобасымен (ҚҰЖ), жұмыстарды жүргізу жобасымен (ЖЖЖ) және осы технологиялық картамен таныстыру, нұсқаулықтарды тіркеу журналына қол қойдырып еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты жүргізу;
- жұмысшыларды жеке қорғаныш құралдарымен, арнаулы киіммен, саймандармен және жабдықтармен қамтамасыз ету;
- ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, және ЖЖЖ талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу учаскелерін және жұмыс орындарының ұйымдастыруды (құрылыс алаңдарын және жұмыстарды орындау учаскелерін қоршау, құрылыс машиналары мен тетіктерін орналастыруға арналаған алаңдарды дайындау, материалдар мен бұйымдарды жиып қою алаңдарын дайындау және т.б.) орындау;
- қауіпті жұмыстарды жүргізу аймақтарын МСТ 23407 сәйкес дабылды қоршаулармен қоршап қою;
- ЖЖЖ-ға сәйкес сүйеу құралдарын орнату, сынақтан өткізу және пайдалануға қабылдау;
- үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін жұмыстарды жүргізу орнына материалдардың қажетті көлемін жеткізу;
- құрылғыларды, құралдар мен саймандарды жұмысқа дайындау;
- қажеттілігіне қарай жұмыс барысында терезе витраждарын, есік ойықтарын қорғауға арналған экрандарды дайындау қажет.

5.1.2 Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті монтаждау жұмыстарын құрамында мыналар бар бригада орындайды:

- 5 разрядты құрылыс конструкцияларының монтаждаушысы (бұдан әрі мәтін бойынша – монтаждаушы) (М1) – 1 адам;
 - 4 разрядты монтаждаушы (М2) – 1 адам;
 - 3 разрядты монтаждаушы (М3) – 1 адам;
- Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:
- 6 разрядты автомобильді кран машинисі (КМ) – 1 адам;
 - 2 разрядты такелажшылар (Т1, Т2) – 2 адам;
 - 2 разрядты қосалқы жұмысшы (ҚЖ1, ҚЖ2) – 2 адам.

Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату жұмыстары технологиялық қармау бойынша тіреуіш ағаштарда орындалады.

Ағаштармен жұмыс кезінде материалдарды жұмыс орындарына көтеруді шапқыдан және блоктан тұратын саймандық көтергіш тетіктердің көмегімен немесе шығырмен орындау керек. Материалдар арқанның көмегімен тігінен көтеріледі және қажетті биіктікке әперіледі.

Қаңқаны орната отырып, қасбетті алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 5-суретте келтірілген.

5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Техникалық персоналдан нұсқаулар алып, орындалатын жұмыстардың көлемімен, жұмыс жобасымен, ҚҰЖ-бен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен танысқан буын жұмысшылары жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін жауапты орындаушыдан еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты алады.

Жұмыстар басталар алдында қасбеттің үстіңгі беті металл щетка мен шүберектің көмегімен ерітінді қақтарынан және тозаңнан тазартылуға тиіс.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату жұмыстары мынадай технологиялық жүйелілікпен жүргізіледі:

- салмақ түсетін қаңқа астындағы үстіңгі бетті белгілеу;
- кронштейндерді орнату және бекіту;
- жылытқыш тақташаларын орнату және бекіту;
- желден қорғайтын қабатты орнату (қажеттілігіне қарай);
- тік тірек бейіндерін монтаждау;
- қасбеттік алюминий панельдерді монтаждау.


5.2.2.1 Салмақ түсетін қаңқа астындағы үстіңгі бетті белгілеу

Жұмыстар басталар алдында ЖЖЖ-ға сәйкес қармау белгіленеді. Жұмыстарды орындау кезінде қармау сүйеу құралдары қапталатын ғимараттың геометриясы болғанда қолда бер өлшемдер ескеріле отырып, бөлінеді.


Салмақ түсетін қаңқаны қасбетке кейіннен бекіту үшін кронштейндерді орнату орындарын белгілеу жобалау құжаттамасына қатаң сәйкестікте орындалады. Белгілеудің дұрыстығы тұрақты түрде бақылануға тиіс.

Қапталған ғимараттың қасбетін белгілеу мынадай технологиялық жүйелілікпен орындалады:

- қасбеттің бұрыштарында немесе шеткі нүктелердің орналасу орындарында қабырғаның үстіңгі бетіне теодолиттің көмегімен реперлі бақылау нүктелері шығарылады;
- қасбеттің үстіңгі беті қармауларға бөлінеді;
- реперлі бақылау нүктелері арасында қармаулардың шегінде орналасатын аралық бақылау нүктелері шығарылады;



5-сурет (жалғасы)



- 1 – қапталатын қабырға (астыңғы негіз);
- 2 – саймандық ағаштар;
- 3 – құралдары бар жәшік;
- 4 – құрылыс деңгей өлшегіші;
- 5 – бекітпе бөлшектері бар контейнер;
- 6 – дабылды қоршау;
- 7 – кронштейндері бар контейнер;
- 8 – алюминий панельдер;
- 9 – жүктерді ағаштарға көтеруге арналған блок;
- 10 – ағаштардың қорғаныш қоршауы;
- 11 – материалдарды жиып қою алаңы

- – жұмыстарды орындау бағыты;
- ×— – ағаштардың қабырғаға бекіту;

M2
M3
ҚЖ1
ҚЖ2 – монтаждаушылардың, қосалқы жұмысшылардың жұмыс орындары

5-сурет – Қаңқаны орната отырып, қасбетті алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

- жобалау құжаттамасында көрсетілген қадаммен көлденең бағытта бақылау нүктелері арасында тесіктерді белгілеу орындалады;

- тегістегіш немесе деңгей өлшегім көмегімен бұл нүктелерді тігінен және көлденеңінен салыстырып тексеру орындалады.

5.2.2.2 Кронштейндерді орнату және бекіту

Қармау шеңберіне кронштейндерді орнату және бекіту төменнен жоғарыға жүзеге асырылады. Қасбеті қапталған салмақ түсетін қаңқаны қабырғаға бекіту үшін бұрыштәрізді нысандағы бекітпе кронштейндері қолданылады. Кронштейндерді астыңғы негізге бекіту металл дюбелдердің (анкерлердің) көмегімен жүзеге асырылады.

Аспалы қасбетті монтаждау кезінде анкерлік құрылғы астындағы тесіктерді бұрғылау алдын-ала салынған белгі бойынша электр перфоратор (электр бұрғы) көмегімен орындалуы керек. Тесіктердің диаметрі анкерлік құрылғының диаметрі тең болуға тиіс. Тесіктердің тереңдігі анкерлік құрылғының өңделетін бөлігінің ұзындығынан 15-20 мм үлкен болуға тиіс. Кронштейндерді бекітуге арналған анкерлік құрылғы ретінде болат керме дюбель қолданылады. Бұрғыланған тесікті анкерлерді орнатқанға дейін қақтан және тозаңнан тазалау қажет.

Бекітпе кронштейндерді орнату және бекіту орындалады, астыңғы негіз бен кронштейн арасында жылу айыратын (паронитті) төсем орнатылады.

Алдымен кейін кронштейндердің орнатылуын түзетуді жүзеге асыру мүмкін болатын анкерлік бұрандамаларды ішінара созу жүзеге асырылуға тиіс.

Қармау шеңберіне барлық кронштейндер орнатылғаннан кейін кронштейндерді кейіннен басқа қармауларда орналастыру ескеріле отырып, оларды орнату нүктесін тексеру жүргізіледі, кронштейндердің орнатылуын түзету орындалады және анкерлік бұрандамалардың тоқтауына дейін созу арқылы оларды астыңғы негізге түпкілікті бекіту жүзеге асырылады.

Жобалау құжаттамасында көзделген жағдайларда кронштейндерді күшейту үшін ұзындығы 100 - 200 мм жұқа табақты болаттан жасалған ұзартқыш тілімдер қолданылады. Ұзартқыш тілімдер тойтарма (өзі кесетін кескіштер) көмегімен кронштейнде алдын-ала бұрғыланған тесіктерге бекітіледі.

5.2.2.3 Жылытқыш тақташаларын орнату және бекіту

Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті орнату кезінде жылытқыш тақташаларын монтаждауды міндетті түрде тік салмақ көтергіш бейіндерді монтаждауға дейін жүргізу керек. Жылытқыш тақташаларын кейіннен анкерлік құрылғылармен қабырғаға бекітумен бекітпе кронштейнге уақытша сүйене («кигізе») отырып орнату керек.

Жылытқыш тақташаларын монтаждау төменгі қатардан басталып, төменнен жоғарыға жүргізіледі. Жылытқыш тақташаларын кронштейндермен жанасу орындарында пышақпен кесу қажет. Тақташалар саңылаусыз тығыз, отырғызылуы қамтамасыз етіле отырып, кронштейндерге кигізіледі. Егер жылу оқшаулағыш қабатта бос кеңістікті болдырмау мүмкін болмаса, олар жылытқыш тақташаларының тілімдерімен мұқият толтырылуға тиіс. Барлық қабырғаларды олардың бүкіл үстіңгі беті бойымен (ойықтарды қоспағанда) қалыңдығы жобада белгіленген жылытқыш тақташаларымен жабу керек.

Жылытқыш тақташасын орнату алдында тақташалардың тығыз түйісу мүмкіндігін анықтау үшін қабырғаға орналастырады. Бүйірлер жанаспаған жағдайларда тақташаларды пышақпен кесе отырып, бір-біріне сыналастыру орындалады.

Жылытқыш тақтасы жобалық жағдайға орнатылады, бұл ретте орнатылатын және орнатылған тақташалардың сыртқы жазықтықтарының сәйкес келуіне қол жеткізу керек. Ғимараттың бұрыштарында тақташалар қатарының байламы қамтамасыз етілуге тиіс.

Жылытқыш тақташалары астыңғы негізге пластмасса тәрелкелік дюбельдерімен бекітіледі. Қабырға конструкциясындағы тесіктерді бұрғылау жылытқыш материалы

арқылы электрперфоратор көмегімен орындалады. Тесіктердің тереңдігі анкерлік құрылғыны өңдеудің талап етілетін тереңдігінен 15-20 мм астам болуға тиіс. Бұрғыланған тесікті анкерлер орнатылғанға дейін қақтан және тозаңнан тазарту қажет. Бұрғыланған тесікке анкерлік құрылғының төлкесі орнатылады. Бұл ретте тығырық жылытқыш тақтасасына тығыз қысылуға тиіс. Одан кейін металл өзекше орнатылып, оны балғамен қағып кіргізу керек.

Анкерлерге бекітілген жылытқыш тақтасаларын қабылдау жабық жұмыстарды куәландыру актісімен ресімделеді.

Жобалау құжаттамасында көзделген жағдайларда желден қорғайтын мембрана қолданылуы мүмкін. Мембрана жылытқыштың үстіңгі беті бойымен тікелей, керіліп және саңылаусыз кез келген жағымен қаланады. Төсем айқаспасының өлшемі жобалау құжаттамасымен анықталады, бірақ кемінде 150 мм құрауға тиіс. Қаңқа бекітпесінің кронштейндерінің шығыс орындарында мембрана төсеміне тесік тілінеді. Мембрананың бекітілуі пластмасса дюбельдердің көмегімен жылытқыш бекітумен бір мезгілде орындалады.

5.2.2.4 Тік тірек бейіндерін монтаждау

Қасбеті қасбеттік алюминий панельдерімен қапталған қаңқаны орнату технологиялық жүйелілікпен орындалады:

- қармауыш шеңберінде шеткі тігінен бағыттағыштар орнатылады;
- тіктегіш көмегімен шеткі бағыттағыштарды айналдыру және тігінен тегістеу, бұрандама астындағы тесіктерді бұрғылау, бағыттағыштарды бекіту орындалады. Бағыттағыштарды бекітпе кронштейнге бекіту жобалау құжаттамасында көзделген диаметрдегі бұрандамалардың көмегімен жүзеге асырылады;
- аралық бағыттағыштар орнатылады, шеткі бағыттағыштарға қатысты айналдырылады және тегістеледі, бұрандамалармен бекітіледі.

Тігінен бағыттағыштарды жобалау жағдайында түпкілікті орнатудан, айналдырудан және бекітуден кейін кейіннен алюминий панельдерді орнату үшін олардың үстіңгі бетіне жұмыс құжаттамасына сәйкес белгі салуды орындау қажет.

Жобалау құжаттамасына сәйкес тігінен бағыттағыштар орнатылғаннан және бекітілгеннен кейін деңгей өлшегіш көмегімен олардың тігінен және көлденеңнен бойынша жай-күйі тексерілуі қажет.

Салмақ түсетін қаңқаны орнату жұмыстарын орындау барысында электр қайшыларының көмегімен металл бейіндерді металл бойынша белгілеу және кесу орындалады.

5.2.2.5 Алюминий панельдерді монтаждау

Қасбеттік алюминий панельдерді монтаждау төменгі қатардан басталып, әрбір қатарда солдан оңға қарай немесе оңнан солға қарай жүргізіледі.

Алюминий панельдер сәулет жинамасына сәйкес сұрыпталады және жұмыстар шебіне таратылады.

Бір алюминий панельді бекіту және бекемдеу панельге және тік бейіндерде орындалған тесіктерге бекітілген төрт ілгіш арқылы жүзеге асырылады. Тікелей алюминий панельді ілу алдында оның шеттерін қорғаныш үлдірден босату қажет.

Алюминий панель іліп қою жолымен жобалау жағдайына орнатылады. Жіктердің қалыңдығына сәйкес келетін қалыптардың көмегімен жік тегістеліп, бір мезгілде деңгей өлшегішпен орнатылған алюминий панельдің тіктігі және көлденеңдігі тексеріледі. Кейінгі алюминий панельдер осындай технологиялық жүйелілікпен орнатылады. Алюминий панельдерді орнату кезінде бағыттағыштардың үстіңгі бетіне тығыз іргелес жатуын, орнатылатын панельдердің жіктерінің көлденеңдігі мен тіктігі тұрақты бақыланып тұруы қажет.

5.2.2.6 Терезе құламаларын орнату

Үстіңгі, бүйірлік құламаларды және төменгі құйманы монтаждау мынадай технологиялық жүйелілікпен жобалау құжаттамасына сәйкес орындалады:

- құламаны жылыту 4.2.2.3-т. сәйкес орындалады;
- үстіңгі құламаның қаптау бөлшегі орнатылады;
- төменгі құйма орнатылады;
- бүйірлік құламаларды қаптау бөлшектері орнатылады;
- қаптау бөлшектері терезе бейініне силиконды бітемемен жанасуын бітемелеу орындалады.

Құламаларды және төменгі құйманы бітеудің орнатылатын бөлшектері орнату орны бойынша өлшемдері бойынша сыналастырылады. Металл бейінді кесу электр қайшыларының көмегімен металл бойынша орындалады. Құламаларды және төменгі құйманы бітеу бөлшектерін бекіту өзі кесетін бұрандама және тойтарма көмегімен орындалады.

Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті астыңғы негізге бекіту схемасы 6-суретте келтірілген.

Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті монтаждау кезінде арнайы бұйымдарды (жақтауларды және т.б.) орнату орындалады. Арнайы бұйымдарды бекіту жобалау құжаттамасына сәйкес орындалады.

5.2.3 Қосалқы жұмыстар


Материалдарды жұмыс аймағына түсіру, әперу ҚҰЖ және ЖЖЖ-ға сәйкес монтаждау кранымен жүзеге асырылады. Жұмыстарды орындау аймағында материалдарды жеткізу қолмен орындалады.

5.2.4 Қорытынды жұмыстар


Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орнын қоқыстан және өндірістік қалдықтардан тазалауды жүзеге асырады, жабдықтар мен құралдарды тазартады, оларды сақтау орындарына шығарады, жеке қорғаныш құралдарын және жұмыс киімін ретке келтіреді, қалған материалдарды қоймаға өткізеді.

Материалдарды, құралдарды мен құрылғыларды сүйеу құралдарының жұмыс төсеніштерінде қалдыруға тыйым салынады

5.3 Қаңқаны орната отырып, қасбетті алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізудің операциялық картасы 1-кестеде келтірілген.



1 - 1



- 1 – бұрандама;
- 2 – кронштейнді бекітуге арналған дюбель;
- 3 – астыңғы негіз;
- 4 – жылытқыш тақтасы;
- 5 – бекітпе кронштейн;
- 6 – тік тірек бейіні;
- 7 – алюминий панель;
- 8 – шынылау астындағы баған

6-сурет – Ауа саңылауы бар аспалы қасбетті астыңғы негізге бекіту схемасы

1-кесте – Қаңқаны орната отырып, қасбетті алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізудің операциялық картасы

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, саймандар, құрылғылар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	6 разрядты кран машинсі (КМ), 5 разрядты монтаждаушы (М1), 4 разрядты монтаждаушы (М2), 3 разрядты монтаждаушы (М3), 2 разрядты такелажшылар (Т1, Т2), 2 разрядты қосалқы жұмысшылар (ҚЖ1, ҚЖ2)	Жұмысшылар жұмыстарды жүргізуге жауапты адамнан нұсқаулар алады, жобаның жұмыс сызбаларымен, ҚҰЖ-бен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен танысады, қажетті құралды және құрылғыларды.
Негізгі жұмыстар			
Үстіңгі бетті қаптауға дайындау	Металл щетка	М3	М3 металл щетканың көмегімен қабырғаның үстіңгі бетін ерітінді қақтарынан және ұсақ ластанудан тазартады.
Салмақ түсетін қаңқа астындағы үстіңгі бетті белгілеу	Рейка, тіктеуіш, деңгей өлшегіш, маркер	М1, М2	М1 және М2 қармау шеңберінде астыңғы негіздің үстіңгі бетінде шеткі реперлі нүктелердің орналасатын орындарын анықтайды. Негізгі реперлі нүктелердің арасындағы аралық реперлі нүктелерді анықтайды. Астыңғы негіздің реперлі нүктелерінің арасындағы маркермен бекітпе кронштейндердің астындағы тесіктердің орналасатын орындарын белгілейді, көлденеңінен және тігінен орындалған белгілерді салыстырып тексереді.

1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, саймандар, құрылғылар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Кронштейндерді орнату және бекіту	Электр перфоратор (электр бұрғы), балға, құрылыс деңгей өлшігіші, рулетка	М2, М3	М3, алдын-ала орындалған белгі бойынша электр перфоратордың (электр бұрғының) көмегімен астыңғы негіздегі тесіктерді бұрғылайды. М2 және М3 төсемі бар кронштейндерді орнатады және оларды астыңғы негізге дюбельдермен (анкерлермен) бекітеді. Бастапқыда кейін кронштейндердің орнатылуын түзетуді орындау мүмкін болатындай бұрандамаларды ішінара тарту жүзеге асырылуға тиіс. Кронштейндерді орнатудың дәлме-дәлдігін тексеруді орындайды және бұрандамаларды түпкілікті тартады.
Жылытқыш тақталарын орнату және бекіту	Электр перфоратор, балға, пышақ, қол ара	М2, М3	М2, М3 жылытқыш тақталарын астыңғы негізге қалайды, оларға белгі салады, кронштейндермен жанасу орындарын белгілейді. М2, М3 пышақтың көмегімен тақталарға тіліктер жасайды, жылытқыш тақталарын салынған белгі бойынша кесуді орындайды, оларды кронштейндерге кигізеді, тақталарды орындарына сыналастырады, сыналастырылған тақталаны жобалау жағдайында орнатады. М3 жылытқыш тақталарының материалы арқылы қабырғалардағы тесіктерді электр перфоратормен бұрғылайды, тесіктерді қақтан және тозаңнан тазартады. М2 пластмасса дюбельдерді тақташа толық қысылғанға дейін дайын ұяшықтарға орнатады, содан кейін тірекке дейін металл шыбықтарды орнатады, жылытқыш тақталарын түпкілікті бекіте отырып, оларды балғамен қағып кіргізеді. М2, М3 жылытқыш тақталарын бекітудің дұрыстығын тексереді.

1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, саймандар, құрылғылар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Тік салмақ түсетін бейіндерді монтаждау	Электр бұрғы, балға, құрылыс деңгей өлшігіші, рулетка, сомынбұрағыш, металл бойынша электр қайшылары	М2, М3	<p>М3 тік салмақ түсетін бейіндерді орнатады, М2 бейіндердің жобалау жағдайын салыстырып тексереді.</p> <p>М3 кронштейндердегі және тірек тік бейіндердегі тесіктерге бұрандама салып электр бұрғымен бұрғылайды.</p> <p>М2 және М3 тесіктері бар тік салмақ түсетін бейіндердегі тесіктерді кронштейндердегі тесіктермен біріктіреді және бұрандамалардың көмегімен бейіндерді кронштейндерге бекітуді орындайды.</p> <p>М2, М3 орнатылған тік бейіндерді салыстырып тексереді.</p> <p>М2, М3 аспалы қасбетті орнату жұмыстарын жүргізу барысында металл бойынша электр қайшыларының көмегімен металл бейіндерді белгілеуді және кесуді орындайды.</p>
Алюминий панельдерді монтаждау	Электр бұрғы, механикалық пневмотойтарма машинкасы, құрылыс деңгей өлшігіші, рулетка	М2, М3	<p>М2, М3 қасбеттік алюминий панельдерді сұрыптайды, оларды орнату орындары бойынша таратып жинайды. Алюминий панельдерді монтаждау төменгі қатардан басталып, әрбір қатарда солдан оңға қарай немесе оңнан солға қарай жүргізіледі.</p> <p>М2, М3 алюминий панельді орнату орнына жеткізеді, оның шеттерін қорғаныш үлдірден босатады, панельді алюминий панельге бекітілген ілгіштердің көмегімен тік бейіндерде орындалған тесіктерге іледі.</p> <p>Кейінгі панельдерді орнату және бекіту осындай осындай технологиялық жүйелілікпен орындалады.</p>

1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, саймандар, құрылғылар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Терезе құламаларын орнату	Электр бұрғы, металл бойынша электр қайшылары, механикалық пневмотойтарма машинкасы, құрылыс деңгей өлшігіші, рулетка, бұрама шеге бекіткіш	М2, М3	<p>М2, М3 терезе құламаларының бейіндерін монтаждау жұмыстарын жүргізу барысында электр қайшыларының көмегімен бейіндерді белгілеуді және кесуді орындайды</p> <p>М2, М3 бұрыштық планканы бекіту орындарын белгілейді, М3 тесіктерді бұрғылайды, М2, М3 өзі кесетін құралдардың көмегімен планканы терезе бейініне және қолданыстағы қаңқаға орнатады және бекітеді.</p> <p>М2, М3 терезе құламаларын орнату орындайын белгілейді, М3 тесіктерді бұрғылайды, М2, М3 үстіңгі, бүйірлік құламаларды орнатады, тойтармалардың көмегімен оларды бұрыштық планкаға қолданыстағы қаңқаға бекітеді.</p> <p>М2, М3 терезе құймасын бекіту үшін көлденең бейінді бекіту орындарын белгілейді, М3 тесіктерді бұрғылайды, М2, М3 өзі кесетін құралдардың көмегімен көлденең бейінді орнатады және бекітеді.</p> <p>М2, М3 тойтармалардың көмегімен қолданыстағы қаңқаға төменгі құйманы орнатады және бекітеді.</p> <p>М3 жиектеуші бұрыштардың силиконмен терезе бейініне жанасуын бітемелеуді орындайды</p>

1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, саймандар, құрылғылар), машиналар, тетіктер, жабдықтар	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Жақтауды орнату	Электр перфоратор, электр бұрғы, құрылыс деңгей өлшігіші, рулетка, сомынбұрағыш	М2, М3	М2, М3 бұрғылау орындарын белгілейді, электр перфоратордың көмегімен астыңғы негіздегі тесіктерді бұрғылайды. М2, М3 кронштейндерде жобалау жағдайына орнатады және анкерлік дюбельдермен астыңғы негізге бекітеді. М2, М3 бұрғылау орындарын белгілейді, электр бұрғының көмегімен металл бейіндердегі тесіктерді бұрғылайды. М2, М3 сомынбұрағыштың көмегімен салмақ түсетін бейіндерді болттармен жобалау жағдайына орнатады, бекітеді; М2, М3 тойтармалардың көмегімен жақтаудың қасбеттік панелін орнатады, бекітеді
Қосалқы жұмыстар			
Материалдарды жиып қою алаңынан жұмыстарды орындау аймағына түсіру және тасу	Монтаждау краны, арқан жіптер, арқан кермелер	МК, Т1, Т2, ҚЖ1, ҚЖ2	Т1, Т2 бумалардың (тірек бейіндер, жылытқыш тақташалары, алюминий панельдер) көмегімен жүктерді буып іледі. МК кранның көмегімен жүкті көтереді және жұмыстарды орындау орнына тасиды. ҚЖ1, ҚЖ2 материалдарды жұмыстарды орындау орнына қолмен тасиды
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар	-	М1, М2, М3, МК, Т1, Т2, ҚЖ1, ҚЖ2	Жұмыс ауысымының соңында жұмысшылар жұмыс орындарын жинайды, саймандарды, ыдысты, құралды тазалап, контейнерлерге салады және оларды жауапты тұлғаға қоймаға өткізеді

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Қаңқаны орната отырып, қасбетті алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомостері 2, 3, 4-кестелерде келтірілген

2-кесте – Қаңқаны (бітеу қабырға) орната отырып, қасбетті алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі

Көлемі – бітеу қабырғаның қапталатын үстіңгі бетінің 100 м²

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
Алюминий панельдермен қапталған салмақ түсетін қаңқаны орнату				
1	Бекітпе кронштейн	-	дана	150,0
2	Кронштейндерді астыңғы негізге бекітуге арналған дюбель-анкер	-	дана	300,0
3	Төсемдер	-	дана /кг	150,0/4,20
4	Салмақ түсетін тік тірек бейіні	-	м	150,0
5	Тік тірек бейіндерін бекітуге арналған бұрандама (сомыны және тығырығы бар)	-	дана	300,0
6	Қаңқа тығырығы	-	дана	300,0
7	Бетон бойынша қатты балқитын бұрғы	-	дана	1,50
8	Металл бойынша бұрғы	-	дана	1,0
Алюминий панельдермен қапталған жылытқыш тақталарын орнату және бекіту				
1	Қалыңдығы 100 мм минералды-мақталы тақташа	МСТ 22950	м ²	105,0
2	«Изоспан А» типіндегі желден қорғайтын бу өткізбейтін мембрана	-	м ²	110,0
3	Жылытқыш тақталарын астыңғы негізгі бекітуге арналған дюбель-анкер	-	дана	840,0
4	Бетон бойынша қатты балқитын бұрғы	-	дана	4,20
Алюминий панельдерді тігінен бағыттағышқа бекіте отырып монтаждау				
1	Алюминий панель	-	м ² / дана	90,0/100,0
2	Ілгіш (сүйретпе шана)	-	дана	400,0
<p>ЕСКЕРТПЕ Алюминий панельдермен қапталған аспалы қасбетті орнату кезінде қаңқа бейіндерін, бейіндердің маркаларын, бекітпе бөлшектердің маркаларын және т.б. әзірлеуге арналған өзге де материалдар қолданылуы мүмкін, бұл нақты объектіге әзірленген жобалау құжаттамасында көрініс табуға тиіс</p>				

3-кесте – Терезе құламаларын орнату кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі

Көлемі – құламалардың 100 м

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Бүйірлік құламаның қасбеттік панелі	-	м	105,0
2	Үстіңгі құламаның қасбеттік панелі	-	м	105,0
3	Құйманың қасбеттік панелі	-	м	105,0
4	Бұрыштық планка	-	м	105,0
5	Салмақ түсетін тірек бейіні	-	м	105,0
6	Көлденең және тік тірек бейіндерін бекітуге арналған өзі кесетін құрал	-	дана	135,0
7	Құлама панельдерін тірек бейіндерге бекітуге арналған тойтарма	-	дана	270,0
8	Металл бойынша бұрғы	-	дана	1,40
9	Силиконды бітеме (баллон 310 мл)	МСТ 25621	дана	4,3

ЕСКЕРТПЕ Терезе құламаларын орнату кезінде бейіндерді, бейіндердің маркаларын, бекітпе бөлшектердің маркаларын және т.б. әзірлеуге арналған өзге де материалдар қолданылуы мүмкін, бұл нақты объектіге әзірленген жобалау құжаттамасында көрініс табуға тиіс.

4-кесте – Жақтауды орнату кезінде материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомосі

Көлемі – 100 м

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Қасбеттік жақтау панелі	-	м	105,0
2	Салмақ түсетін тірек бейіні	-	м	105,0
3	Бекітпе кронштейн	-	дана	200,0
4	Төсем	-	дана /кг	200,0/5,60
5	Кронштейндерді астыңғы негізге бекітуге арналған дюбель-анкер	-	дана	200,0
6	Тік тірек бейіндерін бекітуге арналған бұрандама (сомыны және тығырығы бар)	-	дана	200,0
7	Қаңқа тығырығы	-	дана	200,0
8	Жақтау панелін бекітуге арналған тойтарма	-	дана	400,0

4-кесте (жалғасы)

Көлемі – 100 м

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
9	Бетон бойынша қатты балқитын бұрғы	-	дана	2,0
10	Металл бойынша бұрғы	-	дана	2,0

ЕСКЕРТПЕ Жақтауды орнату кезінде қаңқа бейіндерін, бейіндердің маркаларын, бекітпе бөлшектердің маркаларын және т.б. әзірлеуге арналған өзге де материалдар қолданылуы мүмкін, бұл нақты объектіге әзірленген жобалау құжаттамасында көрініс табуға тиіс.

6.2 Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтардың, құралдардың, саймандардың және құрылғылардың тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте - Машиналардың, тетіктердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтардың, құралдардың, саймандардың және құрылғылардың тізбесі

№ р/с	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
1	Монтаждау краны (автомобильді)	Материалдарды әперу	Q = до 10 т	1
2	Ілмек арқан	Материалдар мен бұйымдарды буып ілу	Г/п = 3,2 т	1
3	Ілмек арқан	Материалдар мен бұйымдарды буып ілу	Г/п = 3,2 т	1
4	Ілмек арқан	Материалдар мен бұйымдарды буып ілу	Г/п = 2,0 т	2
5	Құрылыс ағаштары	Сүйеу құралдары	ҚҰЖ, ЖЖЖ-ға сәйкес	-
6	Электр перфоратор	Бетондағы тесіктерді бұрғылау	-	1
7	Сомынбұрағыш	Бұрандамаларды орнату	-	1
8	Электр бұрғы	Алюминий бейіндердегі тесіктерді бұрғылау	-	1
9	Электр қайшылары	Бейіндерді кесу	-	1
10	Механикалық пневмотойтарма машинкасы	Тойтармаларды орнату	-	1
11	Электр ұзартқыш	Электр аспаптарын қосу	Ұзындығы 50 м	2

5-кесте (жалғасы)

№ р/с	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
12	Зембілдер	Материалдарды тасу	-	1
13	Арба	Материалдарды тасымалдау	-	1
14	Тегістегіш	Геодезиялық жұмыстар	-	1
15	Теодолит	Геодезиялық жұмыстар	-	1
16	Болат рулетка	Сызықтық өлшемдер	Ұзындығы 5000 мм, бөлу бағасы 1 мм	1
17	Бұрыштық	Средство контроля	90°	1
18	Өлшеу сызғышы	Линейные измерения	Ұзындығы 500 мм, бөлу бағасы 1 мм	1
19	Штангенциркуль	Бақылау құралы	бөлу бағасы 1 мм	1
20	Штанген тереңдік өлшегіш	Бақылау құралы	-	1
21	Құрылыс деңгей өлшігіші	Бақылау құралы	-	1
22	Құрылыс тіктеуіші	Бақылау құралы	-	1
23	Бақылау рейкасы	Бақылау құралы	Ұзындығы 2,0 м	1
24	Белгілеу жібі	Бақылау құралы	-	1
25	Құралдарға арналған жәшік	Құралды сақтау	-	1
26	Болат құрылыс балғасы	Бекітпелерді орнату	Салмағы 0,3 кг	2
27	Қол ара	Жылытқышты кесу	-	1
28	Пышақ	Жылытқышты кесу	-	2
29	Щетка	Үстіңгі бетті дайындау	-	1
30	Маркер	Үстіңгі бетті белгілеу	-	2
31	Құрылыс каскасы	Қорғаныш құралы	-	бригадаға

5-кесте (жалғасы)

№ р/с	Атауы	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Буынға (бригадаға) саны, дана
32	Сақтандыру белдігі	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
33	Сақтандыру арқаны	Қорғаныш құралы	-	ЖЖЖ бойынша
34	Өртсөндіргіш	Қорғаныш құралы	-	ЖЖЖ бойынша
35	Дәрі қобдишасы	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
36	Костюм	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
37	Қолғаптар	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
38	Қорғаныш көзілдірігі	Қорғаныш құралы	-	бригадаға
39	Аяқ-киім	Қорғаныш құралы	-	бригадаға

7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Қаңқаны орната отырып, қасбетті алюминий панельдермен қаптау жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық процестерді бақылау картасы 6-кестеде келтірілген.

6-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтарды жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшем, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, ақаулық, дәлдік сыныбы	
Кіру бақылауы										
Алюминий панельдер	Ілеспе құжаттамада көрсетілген көрсеткіштердің сәйкестігі Геометриялық өлшемдері, мм: - Ұзындығы - ені	Ілеспе құжаттар бойынша, жоба бойынша Жоба бойынша	Рұқсат етілмейді -	Материалдарды жиып қою орны Бұл да сондай	Тұтас (әрбір топтама) Ішінара (әрбір топтама)	Шебер (прораб) Бұл да сондай	Көзбен шолу Өлшеу (МСТ 26433.1)	- Рулетка Сызғыш	- өзг.диап. 0 мм-ден 5000 мм дейін, бөлу бағасы. 1 мм өзг.диап. 0 мм-ден 5000 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Кіру бақылауының журналы Бұл да сондай
Жылытқыш такталары (МСТ 22950)	Геометриялық өлшемдері, мм: - ұзындығы - ені қалыңдығы	Ілеспе құжаттар бойынша, жоба бойынша	-	- « -	Ішінара (әрбір топтамадан кемінде 50 дана)	- « -	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	- « -

6-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтарды жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшем, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, ақаулық, дәлдік сыныбы	
Алюминий кронштейндер, тік бейіндер, сыртқы бұрыштың планкасы, терезе құламаларының металл бейіндері	Ілеспе құжаттамада көрсетілген көрсеткіштердің сәйкестігі	Ілеспе құжаттар бойынша, жоба бойынша	Рұқсат етілмейді	Материалдарды жиып қою орны	Тұтас (әрбір топтама)	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	-	-	Кіру бақылауының журналы
	Геометриялық өлшемдері (ұзындығы және ені), мм: - 2000 дейін - 2000 жоғ. 4000 дейін - 4000 жоғ.	Жоба бойынша	-	Бұл да сондай	Ішінара (әрбір топтама)	Бұл да сондай	Өлшеу (МСТ 26433.1)	Рулетка Сызғыш	өзг.диап. 0 мм-ден 5000 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм өзг.диап. 0 мм-ден 5000 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Бұл да сондай

6-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтарды жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшем, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, ақаулық, дәлдік сыныбы	
Кронштейндерді бекітуге арналған кергіш дюбель	Ілеспе құжаттамада көрсетілген көрсеткіштердің сәйкестігі	Ілеспе құжаттар бойынша, жоба бойынша	Рұқсат етілмейді	Материалдарды жиып қою орны	Тұтас (әрбір топтама)	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	-	-	Кіру бақылауының журналы
Бұрандамалар	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	-	-	Бұл да сондай
Өзі кесетін бұрандалар	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	-	-	- « -
Тойтармалар	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	-	-	- « -
Силиконды бітеме (МСТ 25621)	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	-	-	- « -
Операциялық бақылау										
Үстіңгі бетті белгілеу	Белгілеудің дәлдігі, мм на 1 м	0,3	Рұқсат етілмейді	Жұмыстарды жүргізу орны	Ішінара	Шебер (прораб)	Өлшеу (МСТ 26433.2)	Тегістегіш	1 дәлдік тобы	Жалпы жұмыс журналы
Кронштейндерді дюбель-анкермен бекіту үшін астыңғы негіздегі тесіктерді бұрғылау	Тесіктерді бұрғылау тереңдігі, мм	Жоба бойынша	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Деңгей өлшегіш (МСТ 9416) Сызғыш	өзг.диап. 0 мм-ден 500 мм дейін, бөлу бағасы 1 мм	Бұл да сондай
								Штанген тереңдік өлшегіш	бөлу бағасы 1 мм	

6-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтарды жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшем, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелері н ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшемдер диапазоны, ақаулық, дәлдік сыныбы	
Оларды дюбель-анкерлермен астыңғы негізге бекіте отырып, кронштейндерді орнату	Тесіктердің диаметрі, мм	Бұл да сондай	- « -	- « -	- « -	- « -	- « -	Штангенциркуль	бөлу бағасы 1 мм	- « -
